

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ, ХРОМТАУ АУДАНЫ
«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
ХРОМТАУ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ №1 «КҮНШУАҚ»
БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК
КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ
КӘСІПОРЫНЫ

031100
Хромтау қаласы, Лахно көшесі 43
Факс: 8(71336) 23-7-36
Тел: 8(71336) 23-7-36
E-mail: Kunshuak2016@mail.ru



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
ГОСУДАРСТВЕННОЕ КОММУНАЛЬНОЕ
КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ ЯСЛИ-ДЕТСКИЙ
САД №1 «КҮНШУАҚ» ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
ХРОМТАУСКОГО РАЙОНА УПРАВЛЕНИЯ
ОБРАЗОВАНИЯ АКТИВНОЙ ОБЛАСТЫ»

031100
г. Хромтау, ул. Лахно 43
Факс: 8(71336) 23-7-36
Тел: 8(71336) 23-7-36
E-mail: Kunshuak2016@mail.ru

Бұйрық № 45 п/к

№1 «Күншуақ» МКҚК бойынша

«03» 09 2025ж

«Педагогикалық әдеп кеңесін құру туралы»

ҚР БҒМ 11.05.2020 ж № 190 «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы»
бұйрығына сәйкес

БҮЙЫРАМЫШ:

- №1 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы МКҚК-нда Педагогикалық әдеп кеңесі құрылсын.
- Педагогикалық әдеп кеңесінің құрамына келесі педагогтар қосылсын:

Кеңес төрағасы: Жантөрина М. Д -психолог;

Кеңес мүшелері; Нурболатова К.А – ардагер ұстаз;

Бажаканова Г.Ж-«Хромтау қаласының білім бөлімі»

ММ жалпы орта және мектепке дейінгі білім беру

секторының бас маманы;

Тулбаева А.М –музыка жетекшісі

Асанова Л.М –тәрбиеші

Орынбаева Э.Т-кәсіподақ төрайымы

- Педагогикалық әдепкеңесінің хатшысы болып Маханбет Аружан Мухтаровна тағайындалсын.
- Педагогикалық әдеп кеңесінің хатшысы Маханбет Аружан Мухтаровна
 - кеңестің жұмыс жоспарын;
 - кеңес қызметі туралы ережені әзірлеп дайындалсын.
- Кеңес мүшелерінің құрамы.Педагогикалық әдеп кеңесінің қызметі туралы ереже педагогикалық кеңестің отырысында бекітілсін.
- Бұйрықтың орындалуын бақытауды өзіме қалдырамын.

№1 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасының

басшысы :

Барикова Г.Ж

бұйрықпен таныстым:

Маханбет А.М

Бекітемін:
№ 1 «Күншуак» бөбөкжай-бакшасы» МККК
Менгерүшісі:  Г.Ж.Барикова

2025-2026 оқу жылындағы педагогикалық әдеп кеңесінің
жұмыс жоспары

Р/с	Мазмұны	Мерзімі	Аяқталу нысаны
1	Педагогикалық әдеп кеңесінің №1 отырысы. Күн тәртібінде 1. Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережені қарау және бекіту. 2. Тәрбиешінің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті.	Қазан 2025 жыл	Хаттама
2	Педагогикалық әдеп кеңесінің №2 отырысы. Күн тәртібінде 1. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті. Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау. 2. Педагогикалық әдеп, педагогикалық тактика және сөйлеу мәдениеті.	Желтоқсан 2025 жыл	Хаттама
3	Педагогикалық әдеп кеңесінің №3 отырысы. Күн тәртібінде 1. Педагогтардың құқықтары. 2. Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары. Педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау.	Ақпан 2026 жыл	Хаттама
4	Педагогикалық әдеп кеңесінің №4 отырысы. Күн тәртібінде 1. Педагог бейнесі. Өзінді өзің тәрбиелеу жолдары. 2. Педагогтардың әлеуметтік желіде, қоғамдық орындардағы этикалық талаптары	Сәуір 2026 жыл	Хаттама

№ 1 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы МКҚК

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

№ 1 хаттамасы

Қатысқандар: 11 педагог

Өткізілген күні: 10 қазан 2025 жыл

Күн тәртібінде

1. Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережені қарау және бекіту кеңес төрайымы: Жантөрина М. Д
1. Тәрбиешінің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті кеңес мүшесі: Нурболатова К.А

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес төрайымы Жантөрина М. Д сөз алды:

Қайырлы күн бүгінгі педагогикалық әдеп кеңесінің отырысына қатысушылар. Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережемен таныстырып өтейін. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес білім беру ұйымдарында педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелерін қарайтын алқалық орган болып табылады.

Кеңес өз қызметін «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына, осы Қағидаларға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділдік, әдептілік, қоғамдық пікір мен жариялылықты есепке алу қағидаттарын басшылыққа алады. Кеңестің негізгі міндеттері: білім беру ұйымдарында педагогикалық әдепті сақтауды қамтамасыз ету; педагогикалық әдепті бұзуға ықпал еткен себептер мен жағдайларды талдау; педагогтердің тәртіптік жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарау үшін қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу болып табылады.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің ұсынымдарын орындау бойынша тиісті шаралар қабылдамаған лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін қарау туралы ұсыныстармен құзыретті мемлекеттік органдарға немесе лауазымды тұлғаларға, білім беру ұйымының құрылтайшыларына жүгінуге құқылы.

Кеңес отырысы: егер оған Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп саналады, қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі. Кеңес мүшелері оның отырыстарына ауыстыру құқығынсыз қатысады.

Сонымен қатар кеңестің міндетіне педагогтардың тәртіптік істерін қарау кіреді. Тәртіптік істерді қарау қортындысы бойынша Кеңес келесі шешімдердің бірін шығара алады: білім беру ұйымының басшысына педагогке тиісті тәртіптік жамақ қолдануды немесе қолданбауды ұсыну; тәртіптік істі тоқтату.

Күй тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кеңес мүшесі Нурболатова К.А. Тәрбиеші өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбетіне баса назар аудару керек. Әр тәрбиеленушіге жол сілттеп, оның бойына жақсы қасиеттер сіңіретін бірден-бір жан болса, ол – тәрбиеші, «Адамды киіміне қарап қарсы алады, біліміне қарап шығарып салады» деп дана халқымыз айтқандай, тәрбиеші тәрбиеленушілерді білім нәрімен сусындатып, қолынан келгенін үйретіп, бағыт-бағдар беріп қана қоймай, сыртқы келбетімен, киім киісімен, өңі ұстау әдебімен үлгі бола білуі тиіс. Имидждің сыртқы құрамдас бөлігі ол: – мимика, қимыл, тембр және дауыс күші, киім, мәнерлеп жүру. Тәрбиешінің сыртқы көрінісі жұмыс немесе жұмыстан тыс көңіл-күй тудыруы, өзара түсіністікке ықпал етуі немесе кедергі жасауы, педагогикалық қарым-қатынасты жеңілдетуі немесе қиындатуы мүмкін. Ол оны экспрессивті ете алады немесе тәрбиеленушілермен және әріптестерімен табиғи қарым-қатынас жасауға ықпал ете алады.



Тәрбиешілерге сыртқы түріне ұсыныстар айтып кетейін: Киімнің стилі – классикалық, бірнеше консервативті түр, тәрбиешінің сыртқы түрі талғампаз, ұқыпты, таза болуы керек. Ол құрметтеуге, сенім туғызуға тиіс. Киім ыңғайлы болуы керек, бірақ жалпы қабылданған лайықты нормаларға қайшы келмеуі керек. Шырақтары мен шілтерлері бар сәнді көйлектер қажет емес. Барынша табиғи көрінгендеріңіз жақсы. Макияж және маникюрда ұстамды, бейтарап тондарды таңдау керек. Шаш өте қатаң, ал шаш түсі табиғи болуы керек. Аяқ киім техникалық қауіпсіздік ережелеріне, классикалық формаға сәйкес болуы тиіс. Шлепкалар мен биік өкшелі аяқ киімдерде жүруге жол берілмейді. Табиғи таңдалған гардероб педагогтың қоршаған ортаға сыртқы келбетінің жағымды әсер етуіне ықпал етеді. Ол оның кәсіби және жеке қасиеттерін тиімді көрсетеді деп қорытындылаймын.

Қорытынды сөз. Кеңес төрайымы: Жантөрина М. Д

Құрметті кеңес мүшелері және кеңеске қатысушылар бүгінгі отырыста педагогикалық әдеп кеңесінің ережесі қаралды, тәрбиешілердің педагогикалық әдебі туралы да сөз қозғалды. Тәрбиеші өз ісіне адал қарауға міндетті. Айтылған ұсыныстар негізінде сыртқы келбеттеріңізді, киім киістеріңізді, жүріс-тұрыстарыңызды қадағалап, орындаңыздар. Тәрбиешілерді өз әрекеттері үшін жауапкершіліктерін арттыруға шақырамын.

Кеңес шешімі:

1. №16 «Аққайын» бөбекжай-бақшасындағы педагогикалық әдеп кеңесінің ережесі бекітілсін.
2. Тәрбиешінің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті назарға алынсын.

Кеңес төрайымы  Жантөрина М. Д
Хатшы:  Маханбет А.М

№ 2 хаттамасы

Қатысқандар: 11 педагог

Өткізілген күні: 18.12. 2025 жыл

Күн тәртібінде

1. Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау. Меңгеруші: Г.Ж.Барикова
2. Педагогикалық әдеп, педагогикалық тактика және сөйлеу мәдениеті кеңес мүшесі Нурболатова К.А

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес мүшесі:

Меңгеруші: Г.Ж.Барикова

Тәрбиеші ата-аналарымен, тәрбиеленушілерімен және әріптестерімен әңгімелесу кезінде педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтауға міндетті.

Г.Ж.Барикова чаттардағы қарым-қатынастың қарапайым нормаларына тоқталып, мессенджерлер жіберу туралы бірқатар мысалдар келтірді. Жеке сұрақтарыңызбен жалпы алқалық чатқа араластырмауды ескертті. Сөйлеу кезінде этикалық нормаларды ұстауға кеңес берді.

Педагог этикасы – тәрбиеші мен бала, ата-ана мен тәрбиеші арасындағы қарым-қатынас. Педагогикалық этика – ұжым ішінде, тәрбиешілер арасында басталып, өзінің заңды жалғасын топтарда табуы тиіс. Бұл маңызды да, құрметті міндет педагогика және этика ғылыми өкілдерінің ынтымағы нәтижесінде ғана жүзеге асуы мүмкін. Кәсіптік этиканың ережелері мен принциптері бірнеше кәсіптерді қамтуы мүмкін.

Тәрбиеші – балабақшадағы басты тұлға. Сондықтан тәрбиешілер қандай кезде, қандай ортада да педагогикалық әдепті ұстағаны жөн. Өзінің жеке суреттерін әлеуметтік желілерде жариялаған кезде педагог деген атына лайық суреттер жариялау тиіс деп ойлаймын. Көпшілік алдына шыққанда да педагог екенін ұмытпауы тиіс. Қазір әлеуметтік желіде көріп жүрсіздер, бейәдеп суреттермен жүрген жас мамандар кездесіп қалып жатады. Сондай әрекеттерден аулақ болғаны жөн. Әр мәселені көтерген кезде де, өз пікірінді білдірген кезде де әдептен озбай сөйлеу керек. Педагог өзінің кәсіби назарындағы объектілер болып табылатын тәрбиеленушінің, ата-ананың, адамдардың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді, олармен қарым-қатынас жасауда өнегелі. Ол баланың дамуын шынымен қалап, оған әрқашан көмектесуге дайын екендігін білдіріп, тәрбиеленушінің жетістігін (жетіспеушілігін) бағалауда әдептілік таныту

кажет

Білім беру процесіне қатысушыларына қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға мүлдем жол бермеу керек.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес мүшесі Нурболатова К.А

Педагогикалық әдеп — тәрбиеші әрбір нақты жағдайда тәрбиеленушілерге тәрбиелік әсер етудің бірден-бір тиімді құралын қолданатын арнайы педагогикалық іскерлік. Педагогикалық әдепке тәрбиеленушілер жүрегіне педагогикалық жол табу деп те анықтама беруге болады.

Педагогикалық әдеп *жағымды жақтан ғана қаралады*. “Педагогикалық әдебі нашар” қайрымдылығы нашар, сыпайылығы нашар, балаларға деген сүйіспеншілігі нашар, т.б. деумен бірдей. Ал педагогикалық тактиканың тым күрделі – аса жақсыдан жаманға дейін, мейлінше жетілгендіктен қара дүрсінділікке тұқыртылған мәні болуы мүмкін. Әрбір тәрбиеші тәрбиеленушілермен қарым-қатынаста белгілі бір тактиканы әрқашанда қолдана береді, бірақ онда педагогикалық әдептің болмауы да ықтимал. Былайша айтқанда тәрбиешілердің бірсыпырасының тәрбиеленушілерді бағындыруға, олардың қарсылығын тойтаруға бағытталған үркітулері, жазалаулары, ақылгөйлігі, дауыс көтеруі, т.б. жақсы болмаса да әрине өзіндік тактикасы, бірақ ол әсте де педагогикалық әдеп бола алмайды. Оның сабақтарында тәртіпсіздік үстемдік етеді, айтқан ақылды тыңдамайды, шынтуайтқа келгенде оны сыйламайды. Мұндай тәрбиешіні әдептілігі жоқ деп кінәлауға болмайды. Онда әдеп бар. Бірақ оның тактикасы жетілмеген, тактикалық амал-тәсілдері, қоры аз, ұйымдастыру мен жүйелілік мүлде жоқ. Педагогикалық шеберлік тұрғысынан алғанда тәрбиешінің мінез ерекшелігі ретіндегі әдептілігінің оның әрбір нақты жағдайда тиімді тактика таңдай білуінің үйлесімділігі мейлінше дұрыс болып табылады.

Педагогикалық әдеп:

- Тілдесу, қарым-қатынас жасау кезінде;
- Сөйлесу икемділігінде;
- Тәрбиеленушілердің іс-әрекеттерін ұйымдастыра алу икемділігінде;
- Өзін-өзі ұстай алу және талап ету икемділігінде;
- Ескерту жасаған кезде;
- Баланың мінез-құлқына баға берген кезде;
- Мадақтау және жазалай білу икемділігінде;
- Дауыс ырғағында.

Әдептілік – педагогтың мінез-құлқындағы ерекшелікке айналу керек.

Тұлғаның қалыптасуына, берілген білімді жақсы меңгеруіне педагогтың әдістемеден хабарының болуы, білімділігі, біліктілігі ғана емес бар білімді тиісті деңгейде жеткізе алуы, ең маңызды қатынас құралы тілге байланысты екендігі даусыз. «Тәрбиешіге керегі тек білім ғана емес, сондай-ақ сөйлеу шеберлігі, яғни кәсібилік, біліктілік, білімділікпен қатар, сол бар ілім-білімін жеткізе алатын сөйлеу шешендігі, кәсіби шешендік», — деген А.Байтұрсыновтың сөзі де педагогтың жұмысы барысындағы сөйлеудің, жай ғана сөйлеу емес, шебер шешен сөйлеудің қаншалықты маңызды екендігін аша түседі.

Сөйлеу мәдениетін игеру – болашақ педагог мамандардың кәсіби құзыреттілігі. Бұл жерде тілдік қатынас өзара пікір алысу, түсінісу, сөйлесу деген ұғымдардан гөрі тереңірек тілдік қатынас үстіндегі әдеп нормаларының ауызша және жазбаша формаларын меңгеру, дұрыс қатынас жасауға қол жеткізетін тілдік құралдарды тиімді пайдалана білу мағынасын қамтиды. Осындай құзіреттілікті меңгерту – болашақ педагог-мамандардың кәсіби шеберлігінің сипаттамасы.

Қортынды сөз: Егер тәрбиеші өзі оқытатын және тәрбиелейтін адамдар алдындағы жауапкершілікті сезініп, өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі тәрбиелеуге ұмтылатын болса, өз жұмысына шығармашылықпен қарайтын болса ғана, біз оқытып отырған адамдар топқа қызығушылық танытады, сонда ғана олар тәрбиешілерін есте сақтап, бағалап құрметтейді

Кеңес шешімі:

1. Педагог мамандардың педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтауды әрдайым назарларында ұстап, жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтауы назарға алынсын.

2. Тәрбиешінің педагогикалық әдебін сақтауда және құқықтық сауаттылығын артыруда жүйелі жұмыстар қолға алынып жас тәрбиешілер арасында педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениетін артыру бағытындағы жұмыстар нығайтылсын.

Кеңес төрайымы: *Жантөрина* Жантөрина М. Д
Хатшы: *Маханбет* Маханбет А.М

№ 1 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы МКҚК
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

№ 3 хаттамасы

Қатысқандар: 11 педагог
Өткізілген күні: 06.02. 2026 жыл

Күн тәртібінде

1. Педагогтардың құқықтары. «Хромтау қаласының білім бөлімі» ММ жалпы орта және мектепке дейінгі білім беру секторының бас маманы Бажақанова Г.Ж
2. Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары. Педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау. тәрбиеші Л.М.Асанова

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогтардың құқықтары туралы педагогикалық әдеп кеңесінің мүшесі Бажақанова Г.Ж

Жалпы педагог – оқытушылық және тәрбие жұмысымен айналысушы, оқу-тәрбие қызметінің технологиясын еркін меңгерген, бірқатар жылдар бойы жоғары нәтижелерге жетіп жүрген маман деп анықтама беріп кетейін.

Педагог жұмыскердің:

1. Кәсіби қызметіне арналған жағдаймен қамтамасыз етіле отырып, педагогтік қызметпен айналысуға;
2. Ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-эксперименттік жұмыспен айналысуға, педагогтік практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;
3. Дара педагогтік қызметке;
4. Тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған жағдайда педагогтік қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;
5. Білім беру ұйымдарын басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысуға;
6. Бес жылда бір реттен сиретпей, ұзақтығы төрт айдан аспайтын біліктілігін арттыруға;
7. Санатын арттыру мақсатында мерзімінен бұрын аттестатталуға;
8. Педагогтік қызметтегі табыстары үшін мемлекеттік наградалар, құрметті атақтар, сыйлықтар мен атаулы стипендиялар түрінде моральдық және материалдық көтермеленуге;
9. Өзінің кәсіптік ар-намысы мен қадір-қасиетінің қорғалуына;
10. Ғылыми қызметпен айналысу үшін педагогтік өтілі сақтала отырып, шығармашылық демалыс алуға;
11. Білім беру ұйымы әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдеріне шағым жасауға;
12. Тәрбиеленушілер, білім алушылар және олардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан өз ар-намысы мен қадір-қасиетінің құрметтелуіне құқығы бар.

1. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес мүшесі, тәрбиеші Л.М.Асанова

Педагогикалық әдеп этика ғылымының бөлігі болып табылады және педагогикалық адамгершіліктің ерекшеліктерін зерттейді, педагогикалық еңбектегі адамгершіліктің ортақ қағидаларының жүзеге асырылуын қадағалайды, оның негізгі қызметтерін және этикалық категорияларды қарастырады.

Педагогикалық әдептіліктің көрсеткіштері:

- өзін-өзі және баланы құрметтеу;
- балаларды жақсы көру, өзара сыйластық, қолдау көрсету;
- мейірімділік.

Педагогикалық әдеп – педагогтың тілдесу, қарым-қатынас жасау кезінде; сөйлесу икемділігінде; тәрбиеленушілердің іс-әрекеттерін ұйымдастыра алу икемділігінде; өзін-өзі ұстай алу және талап ету икемділігінде; ескерту жасаған кезде; баланың мінез-құлқына баға берген кезде; мадақтау және жазалай білу икемділігінде; дауыс ырғағында көрінеді.



Педагогтың бойында болу керек қасиеттерге:

- Мейірімділік;
- Балаларға деген шынайы махаббат;
- Эмоционалдық бейсалдылық;
- Әділдік;
- Балаларға деген зейін;
- Қайырымдылық;
- Сергектік;
- Өмірді сүйгіштік;
- Тіл табыса білу, бәрімен араласа білу;
- Жігер жатады деп есептеймін.

Педагогтар осы аталған әдептерді бойларына сіңіріп, үнемі өздеріне, басқа педагогтарға баға беріп отырса, балабақшамыздағы педагогикалық әдепті қамтамасыз етіп, сақтай аламыз деген ойдамын.

Кеңес шешімі:

1. Педагогтардың кәсіби қызметіндегі құқықтарының сақталуы туралы кеңестер жұмыс барысында сақталып нығайтылсын.
2. Педагогтарға көпшілік ортадағы әдептен этикалық нормаларды қамтамасыз ету мен сақтаудағы берілген кеңестер қолданылып, жүйелі жұмыстар жүргізілсін.

Кеңес төрайымы:  Жантөрина М. Д.
Хатшы:  Маханбет А.М.

№ 1 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы МКҚК
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

№ 4 хаттамасы

Қатысқандар: 11 педагог
Өткізілген күні: 17.04. 2026 жыл

Күн тәртібінде

1. Педагог бейнесі. Өзінді өзін тәрбиелеу жолдары. Жантөрина М. Д
2. Педагогтардың әлеуметтік желіде, қоғамдық орындардағы этикалық талаптары. Тулебаева А.М

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, педагогикалық әдеп кеңес төрайымы М.Д. Жантөрина

Педагог – шығармашылықпен өзін-өзі дамытушы, тәрбиелеуші тұлға. Қазіргі заман талабына сай мұғалім болу ең жауапты, ең күрделі, ең зиялы мамандық болып табылады. Себебі, ол адамды қалыптастыруға, дамытуға бағытталған зор жауапкершілікті қажет ететін мамандық. Мұғалімнің бейнесі – бұл ішкі және сыртқы мазмұн бірлігі. Мұғалім бейнесіндегі басты құрал, оның даусы, дауыс ырғағы, оны дұрыс қолдана білуі. Балалармен қарым-қатынас жасауда бөйлесе білу, дұрыс қарым-қатынас қалыптастыру педагогтың біліктілігінің басты көрсеткіші.

Тартымды бейне дегеніміз:

- Айналасындағы адамдардың көңілін таба білу кепілі;
- Кез келген жұмыста жетістікке жетудің негізгі шарты;
- Қандай да бір жағдайда шешім таба білуі.

Жаңа қоғам педагогтың бейнесіне жаңа талаптар қояды, бірақ замандар бойы педагогтың бойында өзгермейтін балаларды жақсы көру, мейірімділік, шынайылық, тілдесе алу икемділігі сияқты қасиеттер бар. Педагогтың сыртқы бейнесін мимика, дауыс күші мен тембрі, костюм, кимыл, мәнер құрайды.

Балаға әлеуметтік және балалық шақтаналған әсерлер мен тәжірибелер үлкен өмірге өтуіне әсер етеді. Педагогтың жеке басы баланың жеке тұлға болып қалыптасуына көмектеседі. Ақпараттың басым бөлігін біз көру арқылы аламыз, сондықтан да біздің тартымды бейнеміз өте маңызды. Оған ұқыптылық, іскерлік стиль, мәнер, әдеп, күлкі жатады.

Педагогтың мәртебесі мен беделі оның жеке бейнесіне байланысты. Жалпы бейненің құрамына мына элементтерді жатқызуға болады:

- Қызметтік қарым-қатынас этикеті (корпоративтік ережелерді ұстану);
- Визуальді белгілер – бойдың, дене бітімінің, шаш үлгісінің үйлесімділігі;
- Өзіне сәйкес стильді анықтайтын элементтер: киім, аяқ киім, аксессуарлар;
- Тіл табыса білу қабілеті: ауызша және жазбаша тілдесу, дауыс ерекшелігі.

Сонымен, педагогтың имиджі мынандай құрамнан тұрады:

- Жеке және тұлғалық қасиеттер;
- Коммуникативтік қасиеттер;
- Кәсіби іс-әрекеттің және мінез-құлықтың ерекшеліктері.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша, педагогикалық әлеп кеңес мүшесі, Тулебаева А.М
3. Педагог тек мұғалім, тренер, тәрбиеші ғана емес, сонымен қатар халық ағартушысы, мәдени құндылықтардың сақтаушысы, лайықты білімді адам. Педагог қоғамдастықтың барлық салаларында өзара әрекеттесудің дұрыс қалыптасуына үлес қосуға тырысуы қажет. Педагог жеке өмірде ғана емес, қоғамдық өмірде де жапжалдан, керісуден аулақ болуы тиіс. Ол проблемаларды, келіспеушіліктерді болжауға және шешуге бәрінен гөрі дайын және ол оларды шешудің жолдарын таба білуі керек. Педагог өзінің азаматтық борышын, әлеуметтік рөлін жақсы түсінеді және орындайды. ерекшеленуден аулақ болады. Сонымен бірге, ол кез келген таныс емес ортаға түсіп, онымен қосыла кетуден аулақ болуы тиіс.

Педагог әлеуметтік желіде де кез келген дүниені салудан, өзінің педагог атына кір келетіндей нәрселерді жариялаудан аулақ болғаны абзал. Қазіргі таңда әлеуметтік желі, теледидар тәрбие құралдарына айналып отырғандықтан, «не жазып жатырмын?», «не жариялап жатырмын?» деген сұрақтарға жауап алғаннан кейін ғана, жариялағалы отырған дүниесінің дұрыс немесе бұрыс екендігіне көз жеткізген соң ғана салып, жария етуге болады деп ойлаймын. Желі ақпараттың тез таралатын құралы болғандықтан аса сақтықта болғанымыз абзалырақ. Педагог атына кір келтірмей, қоғамдық орында да, әлеуметтік желіде де этикалық талаптарды, нормаларды ұстанып жүрейік.

Кеңес шешімі:

- 1/ Өзін-өзі тәрбиелеу бойынша берілген ақпаратты ескере отырып, әрі қарай жұмыстар жалғасын тапсын.
- 2/ Қоғамдық орындарда, желіде педагогикалық этика нормалары сақталсын.

Кеңес төрайымы *Жантөрина* Жантөрина М. Д
Хатшы: *Маханбет* Маханбет А.М